

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА - 20 ЖЫЛ!

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224



БАСТАЛДЫ!

1

2015 жылдың 6 ақпаны. Сағат 10.30. Еліміз бойынша салтанатты түрде ашылатын Ассамблея жылының рәсіміне жиналғандар Қ.Әбенov атындағы Мәдениет үйінің фойесіне қойылған аудан көлөнер шеберлерінің көрмесін тамашалады. Шеберлер қолынан шыққан алуан түрлі бұйымдар көз жауын алады. Халық батыры Аманкелді Ата елінде тұратын 20-дан астам ұлттың өкілдері де осында. Олар бір-бірін құттықтап, мәрсәре болуда.

Сағат 11.00. Той жаршылары барша Қазақ елі бойынша дәл осы сәтте Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы салтанатты түрде ашылатынын хабарлап, сахна төріне аудан әкімі Ж.Қ.Таукеновті шақырды. Аудан басшысы Ассамблея тарихы мен оның еліміздің саяси-қоғамдық және әлеуметтік өмірінде алатын рөлі мен маңызы туралы кеңінен толғап, рәсімге жиналған көп ұлтты аудан халқын Ассамблея жылының ашылуымен құттықтады. Бір атаның баласындай ынтымақ-бірлікте, татулықта, сыйластықта өмір сүріп, еңбек етіп жатқан барша ұлт өкілдеріне жасампаз жақсылықтар тіледі. Тәуелсіз Қазақстанымызды және туған ауданымызды бір кісідей ұйымшылдықпен дамытып, өркендетуге тілектестігін білдірді.

(Жалғасы 8-бетте)



Аудан әкімі есеп берді

ЖЕТІСТІКТЕР МОЛ, МЕЖЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР ОДАН ДА ЗОР

2015 жылдың 4 ақпаны күні сағат 11-де Қ.Әбенov атындағы мәдениет үйінде Аманкелді ауданының әкімі Жансұлтан Таукенов халыққа есеп беру кездесуін өткізді. Кездесуге аудан активі және жұртшылығымен қатар Қостанай облысы әкімінің орынбасары Мұрат Амангелдіұлы Дәрібаев пен облыстық басқармалар мен аумақтық департамент басшылары қатысты.

Өңір басшысы есепті баяндамасында аудан бойынша 2014 жылы атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Барлық саладағы қол жеткен жетістіктерді саралап көрсетті. Өткен жыл батыр атындағы аудан халқы үшін есте қаларлық жылдардың бірі болды. Аудан бойынша өнеркәсіп өнімінің физикалық индексі 107,7 пайыз болса, инвестиция тартудың физикалық индексі – 145,6 пайызды құраған. Сол сияқты, жыл ішінде 6 миллиард 927 миллион теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілген. Атап айтқанда: аудан бойынша 4476,2 тонна ет, 18738 тонна сүт, 7461,5 мың дана жұмыртқа дайындалған. Ауданның негізгі кәсібі – мал шаруашылығы екені белгілі. Сондықтан болар, төрт түлі малдың өсімі де айтарлықтай болған. Нәтижесінде 2015 жылдың 1 қаңтарына дейін ірі қара – 24577-ге, қой-ешкі – 61459-ға, жылқы – 11606-ға, құс – 130775-ке жеткен. Ауданда «Сыбаға» бағдарламасы жоғары деңгейде игерілген. Жыл ішінде бағдарламаға қатысқан 6 шаруа қожалығы 182 ірі қара, оның ішінде 10 бұқа сатып алып, тапсырманы 256,3 пайызға орындаған. Өңірде өткен жылдың 1 шілдесінен іске асырыла бастаған «Құлан», «Алтын асық», «Жайылымдарды суландыру» бағдарламалары да табысты орындалуда. Атап айтқанда: «Құлан» бағдарламасы бойынша: «Жұман» шаруа қожалығы - 30 жылқы (23 бие, 7 асыл тұқымды айғыр), «Гаухар» шаруа қожалығы - 28 жылқы (24 бие, 4 асыл тұқымды айғыр) сатып алды. Қазір олар осы малдар-



ды ойдағыдай өсіріп отыр. Ал «Алтын асық» бағдарламасына қатысқан «Қуатбек» шаруа қожалығы 96 қой, (90 саулық, 6 асыл тұқымды қосқарлар) сатып алды. «Жайылымдарды суландыру» бағдарламасына қатысқан «Жұлдыз-Х» шаруа қожалығы «Құдық салу» жобасы бойынша құжаттарын «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Қостанай филиалына тапсырып қойған.

Аудан бойынша 2014 жылы Индустрияландыру Карта-сынан тыс жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға бағытталған үш жобаны: «Ұлы Дала», «Әлішер», «Али-3» шаруашылықтары іске асыруда. Аталмыш шаруашылықтар өз қаражаттары есебінен - 450,0 миллион теңге игеріп, 777,6 шаршы метр тұрғын үй, 4236,2 шаршы метр мал қораларын салып алып, пайдаланып отыр. Бұлар мұнымен қатар 2315 мал және 27 бірлік ауыл шаруашылығы техникаларын алған. 92 жұмыс орындарын ашқан.

Былтырғы жылы аудан бойынша бидай егілген 80 000 гектар жердің әр гектарынан 10,4 центнерден алтын дән жиналды. 1500 гектар жерге себілген арпадан 1125 тонна өнім алынды. 3324 гектар жерге егілген майлы дақылдардан 506,6 тонна өнім жиналды. Сол сияқты, 192 гектар жерге картофель, көкөніс және бақша дақылдары егіліп, олардан да мол өнім алынды. Картофельдің орташа шығымдылығы – 109,5 центнерден, бақша дақылдары бойынша 102,5 центнерден, көкөніс бойынша 106,7 центнерден оралды.

Есепті жылы аудан шаруашылықтарына 95,3 миллион теңге субсидия төленді. Атап айтқанда: ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша өсімдік шаруашылығы өнімдерінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға - 35,7 миллион теңге, гербицидтердің құнын арзандатуға - 22,6 миллион теңге, мал шаруашылығын қолдауға - 36,6 миллион теңге төленді және осы жылғы себуге жұмсалған - 8212 тонна тұқым бағдарлама бойынша тегін тексеруден өткізілді. 2014 жылы көктемгі-күзгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы - 2687 тонна дизель отыны бөлінді. Жыл соңында егіс және астық жинау жұмыстарын жүргізуге «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Акционерлік қоғамы арқылы бөлінген 93,0 млн. теңге несиелік қолдау қайтарылды. Осы несиелі аманкелділіктер облыс бойынша бірінші болып қайтарды.

Аудан серіктестігі мен шаруа қожалықтары жаңа техникалар сатып алуға жақсы жетістіктерге жетіп келеді. Сол сияқты, шағын және орта бизнесті дамытуда да аманкелділіктер алдыңғы орыннан көрінуде. Өткен жылы ауданның шағын кәсіпкерлік саласының 793 субъектілері - 1746,5 миллион теңгенің өнімдерін өндіріп, аудандық бюджетке 84,9 миллион теңге салық түсімдерін түсірді. Қазіргі таңда салада 2025 адам еңбек етеді.

(Жалғасы 2-бетте.)



Аудан әкімі есеп берді

ЖЕТІСТІКТЕР КӨП, МЕЖЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР ОДАН ДА МОЛ

Өңір кәсіпкерлеріне «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы кәсіпкерлікті қолдауға тиімді болып отыр. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша жеке кәсіпкер Аманжол Құлмағанбетов «Жүк тасымалдау қызметтерін ұйымдастыру» жобасын іске асырып, 9,7 миллион теңгеге ауыр жүк көлігін сатып алып, халыққа қызмет көрсетуде.

Аталмыш бағдарламаның төртінші - «Кәсіпкерлік әлеуетті нығайту» бағыты шеңберінде К.Аяшова «Шағын сандық баспахана ашу» бизнес жобасы бойынша 1,7 миллион теңге мемлекеттік грант алып, қазіргі таңда баспаханасында түрлі форматтағы баспа өнімдерін шығаруда. Аудан халқы осы баспахананың игілігін де молынан көреді.

2014 жылы бөлшек сауда көлемі 382 миллион 141 мың теңгені құрады. Ол 2013 жылмен салыстырғанда 9,7 пайызға өсті.

Өткен жылы аудан бойынша бюджеттік кіріс көлемі 1 миллиард 852 миллион теңге немесе 100,5 пайызға орындалды.

Аудан әкімі есепті баяндамасында өңірдегі әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, ауыл-селоарды көгалдандыру мен абаттандыру және қоғамдық тәртіп салалары бойынша атқарылған жұмыстарға да жан-жақты тоқталды. Бұл салаларда да қол жеткен жетістіктер аз емес. Атап айтқанда: былтырғы жылы жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді тұрғындар деңгейінің 0,4 пайызын құраған. 51 адам ғана жұмыссыз ретінде тіркеуде тұр. Барлық меншік түріндегі кәсіпорындарда - 291 жаңа жұмыс орындары құрылған. Оларға 159 адам тұрақты жұмысқа орналастырылған. Сол сияқты жұмысқа орналасуға өтініш білдірген мүмкіндігі шектеулі 35 азаматтың - 22-сі тұрақты жұмыс орындарына, 10 азамат - 6 айлық ақылы қоғамдық жұмысқа, 1 азамат - әлеуметтік жұмыс орнына, 2 азамат - жастар тәжірибесіне орналастырылған. Аудан бойынша 148 адамға - 4,5 миллион теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 45 миллион теңге игерілген. Яғни Аманкелді, Амантоғай, Байғабыл, Қарасу, Құмкешу, Үрпек, Ақсай, Есір ауылдарының өзін-өзі қамтып отырған 21 азаматына компьютерлік орталық ашу, мал шаруашылығын дамыту және автокөлік жуу станциясын ашу жобалары үшін несиесі берілген. Аудан бойынша орташа жалақы көлемі – 69337 теңгені құрап отыр.

Өткен жылы Байғабыл ауылдық округінің орталығына «Ақ бұлақ» бағдарламасы негізінде ауыз су құбыры тартылды. Су әр үйдің ішіне кіргізіліп берілді. Қазіргі таңда ауыл халқына су 24 сағат бойы үзіліссіз беріледі. Бұл жоба алдағы уақытта да жүзеге асырыла береді.

Білім беру саласында 552 педагогикалық маман жұмыс атқарады. 21 жалпы білім беретін мектептерде - 2926 оқушы білім алады. 3 балабақшада - 300 бүлдіршін және мектептер жанындағы 21 шағын орталықтарда - 829 бала тәрбиеленеді. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткіші – 96,2 пайызды, оқушыларды ыстық тамақпен қамту - 100 пайызды құрап отыр.

Денсаулық сақтау саласында да бірқатар игі жұмыстар жүргізілуде. Ауданның мәдениет саласы жылма-жыл



ілгерілеп келеді. «Өңірді дамыту» бағдарламасы аясында 11,2 миллион теңге қаржыға Қарасу, Байғабыл, Амантоғай ауылдарындағы мәдениет үйлері ағымдағы жөндеуден өткізілді. Ауданда спортты дамыту саласында да нәтижелі қадамдар бар. 2014 жылы өңірде салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спорттың бұқаралығын насихаттау бағытында 125 спорттық іс-шара өткізіліп, оларға жалпы саны 8330 адам қатынасқан. Ауыл спорты дамыту мақсатында 4 спорт әдіскері бірліктері енгізіліп, олар Аманкелді, Амантоғай, Қарасу, Құмкешу ауылдарында жұмыс жасауда. Спорттық іс-шараларды өткізуге және спортшылардың облыстық түрлі сайыстарға қатынасуы үшін аудандық бюджеттен 2 миллион 536 мың теңге жұмсалған. 500 мың теңгеге спорттық құрал-жабдықтар алынған. Елді мекендерді дамыту бағдарламасы негізінде жергілікті бюджеттен - 9840 мың теңге бөлініп, Аманкелді селосындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектептің базасында жасанды шағын футбол алаңы ашылып, пайдалануға берілді.

Ауданда қоғамдық тәртіп пен саяси ахуал қалыпты

жағдайда. Ұлттық тәрбие мен қалыптасқан салт-дәстүрлер өзінің жақсы нәтижесін беруде.

Аудан әкімі өз баяндамасында 2015 жылы атқарылатын жұмыстарға да тоқталды. Соның ішінде аудандағы білім беру ісінің қара шаңырағы Аманкелді орта мектебіне күрделі жөндеу жүргізілетінін айтты. Бұл шаруаға республикалық және облыстық бюджеттен 349 миллион теңге бөлінгенін жеткізді. Сол сияқты, басқа да істелінетін шаруаларды нақтылап көрсетті.

Есеп беру жиналысына қатысқан аудан жұртшылығы бұл жаңалықты қуанышпен қарсы алды.

Өңір басшысы есебінің соңында өзіне қойылған сұрақтарға жауап берді.

Түйіндей айтқанда, аманкелділіктер 2014 жылды жоғары жетістіктермен аяқтады. Торғай аймағы бойынша мол астық жинады және науқанды көпке созбай, дер уақытында аяқтап шықты. Қазіргі таңда аудан халқының ынтымақ-бірлігі дәстүрлі қалыпта. 22 ұлттан тұратын аманкелділіктердің достығы мен сыйластығы биік деңгейде. Өңірде тұратын өзге ұлт өкілдері бәрі де қазақ тілін өз ана тіліндей біледі. Олардың балалары өз жүректерінің қалауымен қазақ мектептерінде оқып, білім алуда. Батыр елі Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын бірауыздан қолдап, 2015 жылды да табысты аяқтауға жұдырықтай жұмылып отыр.

Баяндаманы талқылауға қатысқан Аманкелді селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Жанділдаұлы, Жалдама орта мектебінің директоры Қ.Р.Ильясова, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитұлы аудан әкімінің есебіне ризалықтарын айтып, оның жұмысына жақсы баға беріп, алдағы уақытта да табысты еңбек етуіне тілектерін білдірді.

Әкімнің есеп беру жиналысында облыс әкімінің орынбасары М.А.Дәрібаев қорытынды сөз сөйледі. Ол жиналыстың алдында аудан орталығын аралап көрді. Аманкелді орта мектебінде және былтырғы жылы жөндеуден өткізілген «Аманкелді мал дәрігері» мекемесінің кеңсесінде, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде, А.Иманов мемориалдық музейінде болды. Олардағы қалыптасып отырған жағдайлармен танысты.

М.А.Дәрібаев өзінің қорытынды сөзінде аманкелділіктердің қол жеткізген жетістіктеріне ілтифат білдіре келе, батыр атындағы аудан халқы алдында 3 міндет тұрғанын атап көрсетті. Ол міндеттер - мал шаруашылығын одан әрі дамыту, мемлекеттік бағдарламаларды толық игеру және ауданға мол инвестиция тарту.

Батыр атындағы аудан халқы облыс басшылығы алға қойған бұл міндеттерді де ойдағыдай орындап шығарына толық сенім бар.

С.СЫҒАЙ

Суреттерде: жиналыс президиумы: аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов пен облыс әкімінің орынбасары М.А.Дәрібаев; зейнеткер А.Төлегеновтің сұрақ қойып тұрған сәті және залдан көрініс.

Суреттерді түсірген Әнет ЖҰМАБЕК.

Мемлекет қайраткері туралы Жаса кітап

«ХАЛҚЫМ ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ»



Биылғы жылдың басында Астана қаласындағы «Филиант» баспасынан Серікбай Тапаев пен ақын Серік Тұрғынбекұлының құрастыруымен жерлесіміз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов туралы «Халқым деп соққан жүрегі» атты кітап шыққаны белгілі.

Таяуда Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық институттың мәжіліс залында аталмыш кітаптың тұсаукесері өткізілді. Оған Арқалық қаласы мен Аманкелді ауданының

жұртшылық өкілдері қатысты.

Рәсімді институт ректоры, биология ғылымдарының докторы, профессор С.Б.Куанышбаев кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Алғашқы сөз кезегі халқымыздың қазіргі бас ақындарының бірі Серік Тұрғынбекұлына берілді. Ол өзінің досы әрі мемлекетіміздің көрнекті қайраткерлерінің бірі болған О.Б.Мұхамеджанов туралы, оның тағлымды тағдыры мен өнегелі өмірі жайлы кеңінен сөз етті. Шешен тілмен шебер сөйлейтін ақынның сөзі қанша ұзақ болса да, жұртшылықты жалықтырмады. Қайта көпшілік оның сөзін ықыласпен тыңдады.

Көптеген мағлұматтармен және тың деректермен танысты.

Тұсаукесерде сол сияқты, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, облыс меценаттар клубы тағайындаған «Қазына» сыйлығының лауреаты, әнші-композитор Жұмағали Өмірбек, Арқалық қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы, күйші-композитор Кәки Ахан, тыл және еңбек ардагері Орекен Алмат және Аманкелді ауданынан барған делегация атынан газет редакторы, ақын Хамитбек Мұсабаев, Арқалық қалалық зейнетақы төлем орталығының директоры Қаратай Нұрмановтар сөз

сөйлеп, Орал Байғонысұлының балалық, жастық шағы, өскен ортасы, азаматтығы мен адамгершілігі, қайраткерлігі мен кісілігі туралы нақты деректер мен оқиғаларға негізделген естеліктер айтып, ол туралы өлеңдерін оқыды.

Рәсімге Аманкелдіден аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитұлы мен аудандық орталық кітапхана қызметкері Е.Олжағұлов

қатысты. Кітаптың тұсаукесер рәсімі тартымды өтті. Екі сағаттан астам уақытқа созылған мәжіліс көпшіліктің көңілінен шықты.

Тұсаукесер соңында Серікбай Тапаев жиналған жұртшылыққа және Арқалық қаласы мен Аманкелді ауданының басшылары мен кітапханаларына аталмыш кітапты сыйға тартты.

Өз тіліміз.

Суреттерде: О.Б.Мұхамеджанов туралы шыққан кітаптың мұқабасы және О.Б.Мұхамеджанов адамзаттың ұлы ақындарының бірі, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменовпен және Торғай облысы мен Аманкелді ауданының басшыларымен, бір топ соххоз директорларымен бірге.

ҰЛТТАРДЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҰЖЫМДЫҚ ҰЙЫМ



Алып империя СССР ыдырағаннан кейін оның құрамындағы одақтас мемлекеттер өздерінің Тәуелсіздіктерін жариялап, жаңа өмір бастады. Бірақ, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілген соң жағдай күрделеніп кетті. Бұл қиындықты Қазақ елі де басынан кешірді. Оның үстіне Қазақстан 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардан құралған мемлекет болатын. Ал ұлттық мәселе қай уақытта да өте нәзік, әрі шетін келетіні белгілі. Демократия атын жамылып, өркөкреттік таныта бастағандар болмай қалған жоқ. Еліміздің Шығысы мен Батысында казактар ұрандата бастады. Әрине, олардың қолтығына су бүріккендер болғаны анық. Бұл жағдай еліміздің тұтастығы мен тыныштығына салқынның түсіре бастады. Сол кезде «Азат» партиясы Орал мен Өскемен казактарына тойтарыс берді. Олар еліміздің тұтастығын сақтауға күш салды. Оны бұзғысы келгендерге ақиқатты айтты. Іле бұл іске Үкімет араласты. Сөйтіп, казактар жөнге келтірілді.

Міне, осы тұста Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ұлттық тектерестер мен қактығыстардың алдын алу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Бұл мүлде жаңа қайтпайтын сарабал Президент Н.Назарбаев жаңа ұйымның жұмысын бастатып жіберді. Осылайша Қазақстан халқы Ассамблеясы алғаш - 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылды.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады.

Аталған бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды.

20 жылдың ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушылық әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды құрамына айналды.

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Ұлтаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Заң Қазақстан Республикасындағы



мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заңға сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясы ол – заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы мемлекет. Оларды ортақ құрылымның асына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болды.

Ассамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды.

Жаңа әрі теңдесі жоқ құрылымды іске асыру жұмыстары аймақтарда кіші ассамблеялар құрудан басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамды топтастырушы тетіктердің біріне айналды. Шын мәнінде, ол ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін жүзеге асырудың маңызды тетігі болатын.

1995 жылы 16 ақпанда Президент Н.А.Назарбаев еліміздегі ұлттық мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізді.

Сонда, Елбасы республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғандығына назар аударды.

Ассамблеяның басты мақсаты: Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен

дамуын қамтамасыз ету; өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды. Барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылып, олардан сессияға 260 делегат сайланды. Сессия 1995 жылы 24 наурызда Алматы қаласында өтті және оның құрамына 40 ұлттық-мәдени орталықтың өкілдері енді. Сессияда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев баяндама жасап, Ассамблеяның ұйымдастырушылық құрылымдары белгіленді.

Ассамблея құру идеясы қоғамды топтастырушы күш ретіндегі тұжырымдама негізінде ұсынылған болатын. Ассамблея мемлекеттік басқару деңгейіндегі ұлттық саясатты жетілдіруге белсенді түрде атсалысады. Ассамблея Президент жанындағы ұжымдық орган ретіндегі, ал облыстық бөлімдері әкімшілік басшысы жанындағы орган ретіндегі мәртебеге ие. Ассамблея құрылған кезден бастап ұлттық саясаттың барлық бағыттары бойынша мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысып келеді.

Ассамблея этномәдени бірлестіктерді құрамына біріктіреді және олардың жетекшілері Қазақстан халқы Ассамблеясы мен кіші ассамблея мүшесі болып табылады. Ал 2008 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды.

Ассамблея мен этномәдени орталықтар тарапынан көтерілетін бастамалар мемлекеттік деңгейдегі қолдауға ие болады. 1995 жылы сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясы республика тарихында алғаш рет Қазақстан республикасы Президентінің өкілеттілігін 2000 жылы 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Мұндай маңызды қоғамдық бастамадан кейін іс жүзінде Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастыратын белсенді қоғамдық институтқа айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Бұл тарихи оқиғалар еліміздегі қоғамдық саяси және құқықтық ахуалға он өзгерістер әкелгені баршамызға аян.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сан алуан этностарды азаматтық тұрғыда

топтастырудың қуатты құралдарының біріне айналды. Жалпы алғанда, өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап Ассамблея еліміздегі этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениетінің фестивальдері, татарлар мен башқұрттардың Сабантойы жалпы халықтық сипатқа ие болды. Дүнгендер, курдтар сияқты, т.б. халықтардың мейрамдары мен түрлі форумдары республикалық деңгейде дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады. Өйткені Ассамблея этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының орталығына айналды. Ассамблея органдарына мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тауып, кейбір өзекті мәселелер бойынша үкімет деңгейіндегі шешімдер қабылданады. Ассамблея Кеңесінің шешімімен этномәдени орталықтарға қаржылай және ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсету мақсатында республикалық қор құрылған. Бұл қордың бөлімшелері әрбір облыстарда ашылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық «Ақиқат» және «Мысль» журналдарының құрылтайшысы және де ассамблея жанынан шығатын «Достық - Дружба» журналы бүкіл елімізге таралады. Ассамблея ЕҚЫҰ-мен де тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясында 1996 жылдан бері 1 мамырда Қазақстан халқы бірлігі мерекесі ретінде атап өту идеясын туған еді.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік. Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасып болды деп есептеуге толық негіз бар. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Ассамблеяның ең жоғарғы органы - Қазақстан халқы Ассамблеясының

сессиясы болып табылады. Ал Ассамблея Кеңесі заң жобаларын сараптамадан өткізу, мемлекеттік тіл мен еліміздегі барлық халықтардың тілін және мәдениетін дамыту, жастардың бойында қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, БАҚ-пен тығыз байланыс орнату, халықаралық байланыстар жүргізу, әрбір этностың мәдени дамуына ықпал ету сияқты, өзге де жұмыстарды жүзеге асырады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үнемі даму үстінде болатын тірі ағза іспетті. Оған дәлел бола алатын құжаттар 2002 жылы 26 сәуірдегі Президент Жарлығымен қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясының 2011 жылға дейінгі даму стратегиясы және «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже». Қазақстан халқы Ассамблеясы одан әрі жетілдіру туралы Президент Жарлығына сәйкес Президент әкімшілігі мен облыс әкімдері аппаратының құрылымында Ассамблеяның жұмыс органы – халықтықтар құру туралы нұсқау берілген. Ал бұл органдар өз кезегінде ассамблеяның барлық жұмыстарының тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізді.

Ассамблеяның өткізген барлық сессияларда Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанда ұлтаралық татулық пен келісімді нығайта беру бағытында ізденістерді жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударып отырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үлгісінде Ресей Федерациясында, Қырғызстанда халық Ассамблеялары құрылды. Бұл жерде тағы бір ерекше атап көрсететін жайт, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің деңгейі жағынан да, қызметінің ауқымы жағынан да дараланып тұрады.

Ассамблея өзінің құрылымы жағынан республикалық, облыстық және қалалық этномәдени орталықтарды біріктіретін ұйым болып табылады.

Қазіргі заман тарихының жылнамасы Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің күнделікті қызметінде Қазақстан халқы Ассамблеясына ерекше көңіл бөліп отыратындығын дәлелдейді. Күллі Қазақстан халқы мен еліміздегі әрбір этностың болашағы – Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін зор жауапкершілік.

Гүлбарыш СМАЙЫЛОВА





ЖАРАТЫЛЫСЫ БӨЛЕК ҚАРИЯ ЕДІ



Қазақ қазақ болғалы ықылым заманнан бері небір жойқын зұламатты басынан өткерсе де еш мойымаған халық. Сонау жоңғар шапқыншылығы, патшалық кезең, одақ бодандығы, ашаршылық, репрессия біздің ұлтты айналып өтпеген, яғни әр кезең-дәуірлердің сокқысымен бетпе-бет арпаласып өткен. Соның бірі кешегі Ұлы Отан соғысы, «кешегі» дейтініміз арада 70 жыл өтсе де осы алапат соғыстың әр отбасына әкелген қайғы мен қасіреті, зардабы мен залалы және жан-жарасы әлі ешкімнің жадынан өшкен жоқ. Қасық қаны қалғанша елім, жерім, ұрпағым деп соғысқа аттанып, жанын шүберекке түйген аталарымыз біздің ауданда да жетерлік. Соның бірі - мен жақсы білетін марқұм Кеделбаев Бейсенбай қария. 1995 жылы ауданымыз бойынша Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 50 жылдығы аса кең әрі жоғары деңгейде аталып өтілді. Аудан орталығындағы Қ.Әбенов атындағы Мәдениет үйінде салтанатты жиын өткізіліп оған сол кездегі көздері тірі барлық соғыс және еңбек ардагерлері шақырылып қатыстырылды, жиында әрқайсысына арнайы жеңіс құрметіне арнап дайындалған қол сағаттар, мерекелік медальдар және бір-бір кілем сыйланды, сонынан үлкен концерт қойылып, қонағасы беріліп, құрмет көрсетілді. Міне, осы жиынға мен қызмет атқаратын округтен екі ардагер қатынасты, бірі марқұм Оспанов Төлеу ағам, екіншісі мен әңгіме еткелі отырған Кеделбаев Бейсенбай ақсақал.

Үлкен кісілердің өздеріне көрсетілген құрметке аса риза болғанын көрудің өзі бір ғанибет екен, жүздері бал-бұл жайнаған екі қария елге қайтар жолда соның ішінде онша шешіліп сөйлей бермейтін Бейсенбай ақсақал 124 шақырым жердегі ауылға жеткенше естелік айтудан ауызы бір босамады, анда-санда көлікті тоқтатып жерге түсе қалып «бізді Шұбаркөлде осылай дайындататын» деп «раз-два» қадамын жасайды, құлды бір баяғы жас кезіндей. Ертеңіне Жеңіс құрметіне өзі арнайы үйіне мал сойдыртып бүкіл ауылды құдайыға шақырып қонағасы берді.

Отырыс соңынан қозғала бергенімізде «Әй, Құрақбай (Әміргазин қазірде марқұм болған) Сайлау, сендер кідіре тұрындар» деді. Кісілер кеткеннен кейін кіші келіні Күләнданы (ол да марқұм болған) жұмсап, сандығынан бір тақия, бір таспығын алдырып екеуімізге «жасымды берсін, бейнетімді бермей, зейнетімді берсін» деп ырымдап қолымызға ұстатты, сосын жастығының астынан бір дәптерін алып «Сайлау, балам мына дәптерде менің соғыс жылдарымнан естелік жазбалар бар, кезінде мектеп оқушыларымен кездесіп жүргенімде ұмытып қалмайын деп жазып жүр едім, осыны саған табыстайын түбі бір кәдеге жаратарсың» деді. Міне сол жазбалары менде содан бері 20 жыл сақталыпты. Мен кейіннен дәптердегі жазуды қағаздары сағая бастағасын өз қолыммен сол қалпында көшіріп жаңалап қойған едім. Онда Бейсенбай әкей былай деп жазыпты.

- Мен армия қатарына 1942 жылы маусым айында алындым. Содан Шұбаркөлде 28 күн соғыс тәсілдерін үйреніп, 20 тамызда бір эшалон адам тиеліп ылғи қазақ жігіттері майданға аттандық. Бірден майдан шебіне жіберіліп соғысқа араласып кеттім. Күші басым жауға қарсы атака жасап келе жатқаныма сол қолымнан жараланып, госпитальға түсіп 3

ай жатып емделдім. 29 қараша күні қайтадан майдан сапына кірдім, №146 шаңғышылар бригадасына жіберіліп, шаңғымен қалай жүріп соғысуды аз мерзім ішінде үйреніп, 1943 жылы 16 қаңтар күні біздің ротаны 75 шақырым жердегі немістердің шебін бұзып кіруге жіберді, бірақ жаудың күші басым болып, ол шепті ала алмадық. Барлығы 3 взводта 150 жауынгер бар едік, содан тірі қалғанымыз 18 адамбыз, соның бірі мен едім. Менің өзім бір күн зеңбірек оғынан қопарылған қар астында қалып, ертеңіне қайта қатарға қосылдым. Осы жылдың наурыз айында, яғни 24 күні Волга өзенінің арғы бетіндегі неміс басқыншыларының үлкен бекінісін талқандау үшін біздің №146 бригада түгел шабуылға шығып, жауды орындарынан үдере қуып бара жатқанымызда неміс мергенінің атқан оғынан екінші рет жараланып, тағы госпитальға түстім. Онда да 3 ай емделіп сауыққан соң қайта майдан шебіне жіберілдім. Мені сол кезде бірнеше соғысқа қатысып шыңдалды деп ойласа керек, №14 гвардиялық дивизияға жіберді. Онда бірінші ротаның бірінші взводында болдым. 1943 жылдың қыркүйек айында үлкен шабуылға шығып немістердің окоптарына басып кіріп, қолма-қол айкаса шықтық, сол айкаста үшінші рет ауыр жараландым, бұнда да 3 ай госпитальға жатқызылдым. Осы жылдың 29 желтоқсаны күні әскери медициналық сараптама комиссиясы мені 6 айға елге демалысқа жіберді, одан әрі біржола қалдырылдым. Мен бір әкеден жалғыз едім, әкем Кеделбай да біреудің жалғызсы болыпты, тағдырдың аяусылығы шығар, соғыстан аман қалдым, мен армияға кеткенде әйелім екі қабат еді «егер ұл болса атын Жеңіс деп қой» дегенмін, соным қабыл болды. Менде енді арман жоқ, Алланың берген ғұмырын жасай беремін, - деп жазбасын аяқтайды.

Үлкейген кісі ғой, деректері нақты болмауы да мүмкін, олай дейтінім 2009 жылы баспадан шыққан «Олар жеңіспен оралды» деген кітапта Кеделбаев Бейсенбай әскер қатарынан 1945 жылы босап келген деп жазылған, алғашқы ұрысты 1942 жылы Сталинград облысының Дубовка қаласында, кейін Оңтүстік-Батыс майдандарында генерал-майор И.М.Чистяков басқарған 21 Армия қатарында соғысқан делінген. Қалай болғанда да қан майдан ортасынан өт кешіп келгені даусыз. Ұрыстағы жауынгерлік ерліктері үшін 2 дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен бейбіт

жылдары 5 мәрте мерекелік медальдарын иегері болған ал, кейіннен Родник совхозында аға шопан болып еңбек еткен жылдарында «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен марапатталған. 1997 жылы 91 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Марқұм жаратылысы бөлек, аса сабырлы, көнбіс адам еді, көп сөйлемейтін, тартқан тауқыметі мен көрген бейнетін ішіне токи білетін жан болатын. Он бес жыл Ә.Жангелдин атындағы совхозда қызмет атқарған кезімде қазіргінің шалдарындай жағдайын айтып, міндетсіп, мұның шағып, бір рет те кеңсе, кабинет жағалағанын көрмейтін. Анда-санда үйіне соғып хал-жағдайын біліп «әке, осы Сізде бізге айтар бұйымтай, шаруаңыз жоқ па?» деп әзілдеп сұрайтынмын. Сонда «Ой, қарағым-ай, сендерде басқада жұмыс жетерлік емес пе» дейтін еді.

Тағы бір қасиеті өте батағөй адам еді, шақырылған үйлерге батаны тақырыбымен беретін, айтар ақыл кеңестері тындаушының санасына бірден қонатын, ал діндарлығы бір төбе болатын, бойында тылсым өзіндік қасиет бар, ауырған, шошынған балаларға «тұмар» жазып беретін. Бір жылы жазда қуаншылық болып өңірдің дені өртке оранды, бүкіл ұжым адамдары техникаларымызбен апталап, күндіз-түні өрт сөндірумен болдық, алайда жалын дес бермей ауылға қарай шапшыды. Қайранымыз болмай дағдарып тұрғанымызда сол кездегі бөлімше меңгерушісі Таңатабаев Жұмағали «Бейсенбай ақсақалды алдыртайық» деп ұсыныс жасады. Содан мен ауылға барып қарияны алып келдім, жарықтық, өрттің өтіне қарсы тұра қалып екі қолын жайып жіберіп он минуттай дұға оқыды, бір сәт айналамызға қарасақ жалынның беті кері серпіліп өше бастағанын байқадық. Ал тағы бір жылы жазда «тасаттық» беріліп осы кісінің дұғасымен жанбыр жауғанының да куәсі болып едім. Ауылдағы той-томалақ, құдайық қонағасылар бұл қариясыз өтпейтін. Жоғарыда өзі айтқандай соғысқа кеткенде туған жалғыз ұлы Жеңістен (бүгінде марқұм болған) жеті бала тарады, оның үлкені Мұратта осыдан екі жыл бұрын қайтыс болған, одан 3 бала қалды, бүгінде олардың барлығы дерлік үйлі-баранды болып отыр. Қарияның денесі «Әліпбай» қорымына жерленген.

*Сайлаубек САЙДИЛЬДИН,
Амангелді селосы.*

Суретте: Бейсенбай Кеделбаев.

Имандылық иірімдері

ИМАММЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ

Жақында Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің бас имамы Жандарбек Мұбаракұлы бастаған аудандық мешіт қызметкерлері Байғабыл ауылының А.Нұрманов орта мектебінде оқушылармен кездесу өткізді.

Кездесу «Біреу зәбір етсе, сен сабыр ет» тақырыбында ұйымдастырылып, 9, 10, 11 сынып оқушыларына имандылық, теріс қылықтардан аулақ болу және бірлік пен адамгершілік жайлы әңгімелер айтылды. Аудандық бас имам Жандарбек Мұбаракұлы оқушылар алдында Алланың адамзат арасындағы елшісі Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) жасаған ізгілікті істері мен сырға тұнған тамаша деректі әңгімелерін айта отырып оқушыларды үлкенді сыйлап құрметтеуге, кішіге ізетпен қарауға, ауызбіршілікке, сыбырлы болуға шақырды.

Байғабыл ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Дүйсен Қаласов оқушыларға отбасындағы сыйластық, ата-ананы құрметтеу, отбасының негізгі тірегі ата-ана екені туралы оқушыларға ой салатын ғибратты сөздер айтты. Сөз соңында оқушылардың ой пікірі тыңдалып, сұрақтарға жауап беріліп, Серік қажы Қабденов имандылық жөніндегі кездесу



алдағы уақытта да өз жалғасын табаатынын айтып, оқушыларға ақ батасын берді.

*Жұмабике ШАЙМАНОВА,
«АА» газетінің қоғамдық тілшісі.*

Суретте: бас имам Жандарбек Мұбаракұлы.

ЖАСӨСПІРІМДЕР СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

Таяуда Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектепте терроризмнің алдын алу мақсатында аудандық Сатыбалды ишан мешітінің бас имамы Әмірхамзин Жандарбек Мұбаракұлымен 7-11-ші сыныптар арасында діни кездесу өтті.

Рәсімді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Әбіков жүргізіп отырды. Ол оқушыларға кездесуге келген имам туралы толық мағлұмат берді. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының кездесуде өздерін толғандырып жүрген жайларды ортаға салуды сұрады.

Ж.Мұбаракұлы діни ағымдар, оқыған

дін қызметкерлерімен вахабисттердің айырмашылығы жайлы, адасқан жандар туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жасөспірімдердің көкейінде жүрген сұрақтар қойылып, нақты жауаптар айтылды. Сонымен қатар видеороликтер көрсетіліп, оларға діни сауаттылығын ашуға ықпал етті. Соңында кездесу кешін ұйымдастырған мектептің тарих және өлкетану пәні мұғалімі Рахым Садуақасов Ж.Әмірхамзинға алғысын айтып, ризашылығын білдірді. Мектепте осындай игі істер көп бола бергей, - демекпіз!

*Әнет ЖҰМАСЕВ,
өз тілшіміз.*

Бәрекелді!

ШАЛҚАР ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫ

Бүгінде ауданымызда дарынды жас балалар баршылық. Солардың бірі - Н.Мейрманов атындағы жалпы білім беретін орта мектептің 10-сынып оқушысы Серікұлы Шалқар. Шалқардың бұл пәнді таңдауына ұстазы Сайран Әміргазин ықпал еткен. Жақсы ұстаз қашанда жан-жағына нұрын шашып жүреді. Серікұлы Шалқардың тарихқа деген қабілетін аңғарып, оған ерекше ықылас танытты. Нәтижесінде Шалқар аудандық, облыстық пән олимпиадаларына екі жыл қатарынан қатысып, екінші кезеңінде Қазақстан тарихы пәні бойынша өзінің білімділігін көрсетіп, екінші орынды иеленді. Күміс медальды жеңіп алды. Бұл - әрине, аудан, облыс үшін үлкен жетістік.

Алыстағы ауыл мектебі шәкіртінің мұндай

үздік нәтижеге жетуі - білікті ұстаз еңбегінің де нәтижесі. Ұстазы Шалқар Серікұлы сабақ бағдарламасымен шектеліп қалмайды. Өзінше ізденіп, оқиды. Талабына нұр жауатын мұндай шәкірттен айналымысыз ба?! Ерекше белсенділігімен, жан-жақтылығымен танылып жүрген оқу озатының қоржынында бірнеше мектепшілік, аудандық, облыстық білім сайыстарының жүлделері бар. Осындай жан-жақты дамыған жас болашағынан зор үміт күттіреді. Шалқардың ендігі арманы еліміздің жоғары орындарының бірінде білім алып, еліне пайда тигізер білікті маман болу.

*Анар БОЛАТОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*

Есір ауылы.

Редакцияға хат

АЛҒЫСЫМДЫ АЙТАМЫН

Байғабыл селолық округіне қарасты Көкпектікөл елді мекеніндегі «Байжігіт қорымы» көптен қараусыз қалып, қоршалмай тұрған еді. 2014 жылдың қыркүйек айында осы қорымның іші қоқыстан тазартылып, сырты арнайы тапсырыспен жасалған темір қоршаумен қоршалды. Осы игі істің бастамашысы аудан әкімінің орынбасары Хайруллин Сабыржан Уәлиұлы болды. Осы кісінің қажырлы еңбегінің арқасында қорымда жерленген кісілердің ұрпақтары қосылып, орталарынан қаражат жинап, қорымды ойдағыдай етіп қоршап шықты.

Бұл жайт көпшіліктің көңілінен жылы орын алды. Соның бірі - менмін. Өйткені, менің де атам мен әжем осы «Байжігіт» қорымда жерленген еді. Олар қайтыс болғанда біз бала едік. Баланың қолынан не келеді? Қызметке жаңа тұрып, еңбек жолымды бастаған мен былтыр атам мен

әжемнің басын қалай қоршаймын деп жүргенімде осы іс жасалынды. Марқұм, иманды болғыр атам мен әжемнің тікелей ұрпағы болғандықтан менің аяқасты болып, қараусыз қалған қорымды қоршауды ұйымдастырып, жақсы іс жасаған Сабыржан Уәлиұлына айтар алғысым шексіз.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», - деген сөз бекер айтылмаған ғой. Сабыржан ағаммен қатар басқа да бірлесіп іс тындырған азаматтарға рахметімді айтамын. Сауапты іс жасаған, қоршауды жасауға қатысқан барша азаматтар әрдайым абыройлы болсын.

*Данияр СӘРСЕНБЕТОВ,
Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*

Аманкелді селосы.

«ГҮЛДЕНСЕ АУЫЛ — ГҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ»

Елбасымыздың халық пен биліктің тығыз бірлікте болуын алға қойуы – екі тараптың да жауапкершілігін арттыра түсті. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығы – әкімдер жұмысының сапасын көтеруге зор ықпал етті. Нәтижесінде барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдында есеп беруі дәстүрге айналды. Ауыл әкімдерінің өткен жылдың қорытындысы бойынша есеп берулері 2015 жылдың 20 қаңтарында басталып, 30 қаңтарында аяқталды.

Барлық ауылдық әкімдіктерде өткен қорытынды жиналыстарға аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов, аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов және облыстық баскарма, департамент басшылары Н.Қ.Нөгербеков, Ж.Ж.Үмбетов, аудандық мекеме басшылары Е.Ж.Дауылбай, Е.Қ.Ешанов, Р.С.Есмағанбетов, Х.Қ.Мұсабаев, М.Р.Сыздықов, Қ.Баженов, Е.С.Давлетов, С.Ө.Құттығожин қатысты.

21.01.2015. Амантоғай. Аудан ауыл әкімдерінің есеп беру жиналысы алғаш сағат 15-те осы ауылда өтті. Жиналысты аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов ашып, жүргізіп отырды. Өңір басшысы жиналыс басталмас бұрын жиналған ауыл халқына Жаңа – 2015 жылдың басталуымен құттықтап, еңбектеріне табыстар тіледі. Ол ауылдық округтерде өткен барлық жиналыстарда сол өңірлердің тұрғындарын Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, игі тілек білдірді.

Амантоғайда өткен жиналыста округ әкімі Ж.Р.Ильясов 2014 жылдың қорытындыларын туралы баяндама жасады. Округ бойынша өткен жылдың қорытындыларына жан-жақты тоқталды. Есепті баяндамаға жүгінсек, ауылда нәтижелі жұмыстар жүргізілген. Әр саладағы берілген тапсырмалар ойдағыдай орындалған. Ауылдағы саяси ахуал тұрақты. Халықтар достығы берік. Ауылда мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы жақсы деңгейде. Білім беру ісінде де жақсы нәтижелер бар. Атап айтқанда: өткен жылы ҰБТ-да Жалдама орта мектебінің оқушылары аудан мектептерінің көшін бастап, жоғары нәтижеге қол жеткізген.

Жиналыста кәсіпкер Қ.Ысқақов, мұғалім М.Тапасев, зейнеткер У.Бекенов сөз сөйлеп, ауыл әкімінің 2014 жылы жүргізген жұмыстарына жақсы баға берді. Ұсыныс-пікірлерін айтты. М.Тапасев ауылда тұратын 91 жастағы Рәзия Байғожина деген қарт ананың соғысқа қатысқанын, алайда, соған сай игіліктерді көре алмай отырғанын айтты.

Аудан әкімі округ әкімі Ж.Р.Ильясовқа осы мәселені жан-жақты анықтауды, егер қарт ананың соғысқа қатысқанын растайтын құжаттары болса немесе оларды қалпына келтіру мүмкін болса, онда ол кісіге тиісті заң шеңберінде көруге тиіс игіліктерді алуына жағдай жасауды тапсырды.

22.01.2015. Қарасу. Сағат 11-де әкімнің есеп беру жиналысы өтті. Округ әкімі Б.А.Молдашев есепті баяндама жасады. Оның баяндамасында да 2014 жылы атқарылған жұмыстар кеңінен баяндалды. Ауыл бойынша 2015 жылдың қысына қажетті жем-шөп қоры жасалған. Әлеуметтік мекемелер тұрақты жұмыс істеп тұр.

Баяндаманы талқылауға зейнеткер ұстаз С.Шоңғалов, тыл және еңбек ардагері М.Қоржынов, зейнеткер Д.Базарбаев, кәсіпкер М.Бейсекеев, Жасбуын орта мектебінің мұғалімі, «Нұр Отан» партиясы Қарасу ауылдық бастауыш ұйымының жетекшісі Т.Байдрахмановтар сөз сөйлеп, ауыл әкімінің жұмысына қанағаттанарлық баға беріп, өздерінің ой-пікірлерін білдірді.

22.01.2015. Аманкелді. Сағат 15-те Қ.Өбенов атындағы Мәдениет үйінде селолық округінің әкімі М.С.Дихамбаев та өз есебін берді.

Жиналысты аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов кіріспе сөз сөйлеп ашып, еліміз, облысымыз және ауданымыз бойынша қазіргі таңда қалыптасып отырған жағдайлармен



таныстырды.

Жарыссөзге шыққан зейнеткерлер Қ.Бейсенбаев, С.Тұякбаев, Қ.Серікбаев, Т.Құтжанова ауыл әкімінің жұмысына жақсы деген баға берді. Шынында да өткен жылы ауыл әкімінің бастамасымен селода біраз жұмыстар жүргізілген. Селоны көгалдандыру мен көркейтуде және абаттандыруда айтарлықтай жұмыстар жасалған. Әр аптаның бейсенбісі «Тазалық күні» болып жарияланып, село тұрғындары мен мекеме, кәсіпорын жұмысшы қызметкерлері өз үйлері мен кенселерінің және көшелердің бойын тазартып, жиналып қалған түрлі қалдық заттарды тиісті орынға апарып төгуді қамтамасыз етті. Сол сияқты көктем мен күзде «Тазалық айлықтары» өткізіліп, ол да өз нәтижесін берді. Округ әкімдігі аудан әкімінің «Тойтөбе» қорымен темір шарбақтармен қайта қоршау туралы берген тапсырмасын лайықты ұйымдастырып, бұл жұмысты тиянақты орындап шықты. Ауыл әкімі село халқының қысқа қажетті отын-су мен жем-шөптерін дайындап алуларын ерте бастап ұйымдастыра білді. Село халқына ауыз су уақытылы берілуде. Моншалар тұрақты жұмыс істеп тұр. Базарлар мен сауда үйлері халыққа тиісті қызмет жасауда.

Жиналысты қорытындылаған аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов ауыл әкіміне бірқатар нақты тапсырмалар берді.

26.01.2015. Сағат 11.00. Ақсай. Осындағы орта мектептің мәжіліс залы.

Аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов ауыл әкімінің есеп беру жиналысын ашып, жүргізіп отырды.

Округ әкімі Ж.Қ.Алтынсарин өткен жыл қорытындысы бойынша баяндама жасады.

2014 жыл ақсаялықтар үшін де табысты жыл болған. Округ дихандары егін орағын ойдағыдай өткізіп, сапалы астық жинаған. Мал шаруашылығы саласында да қол жеткен табыстар бар. Ауылдық әкімдік осы ауылдың сыртта тұрып жатқан азаматтарын өңірде мал өсіруге жұмылдырған. Атап айтқанда: Қостанайда тұратын Сағындық Молдашев деген азамат «Гаухар» шаруа қожалығын құрып, жылқы және ірі қара малдарын өсіріп отыр. Ол өткен жылдың аяғында «Құлан» бағдарламасы негізінде асыл тұқымды төрт айғыр сатып әкелген. Мұның екеуі – «Мұғалжар», екеуі – «Көшім» асыл тұқымнан. Қазіргі таңда осы айғырлар арнайы қорада бағылып, күтілуде. Олардың әр қайсысының салмағы 500 килограмм тартады. Сағындық бұл жылқыларды 1300 шақырым жерден алып келген. 100 бас ірі қара да өсіруде. Олардың бәрі қазақтың «Ақбас» тұқымды сиырлары. Былтыр «Әулиеқөл» асыл тұқымды екі бұқа әкелген. Осы малдарды 5 жұмысшы бағып отыр. Сағындықтың қарауында әлгі 4 айғырдың сыртында 60 жылқысы бар. Ол осы 60 жылқымен қатар Ақсай ауылы тұрғындарының 70 бас жылқысын да тебінде тегін бағуды қамтамасыз етіп отыр. Оның жоспары жылқыны - 300-ге, ірі қараны - 400-ге жеткізу. Қазірдің өзінде осы малдардың өнімдерін Шымкент, Қостанай қалаларына сатуда.

Ауылда «Сыбаға», «Егінжай», «Алтын асық» бағдарламалары бойынша жұмыс жасау қолға алынған. Ауыл халқының түрлі мәдени іс-шараларын өткізу үшін аудандық

бюджеттен 5 миллион теңге бөлініп, мектептегі мәжіліс залы жөнделмек. Жиналыста С.Молдашев, Ә.Атаев жарыссөзге шығып, өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдіріп, ауыл әкімінің жылдық жұмысына жақсы баға берді.

Жиналыста облыстық дін істері баскармасының басшысы Н.Қ.Нөгербеков сөз сөйлеп, әлемдік діндер туралы түсініктер берді. Қойылған сұрақтарға жауап берді.

26.01.2015. Үштоғай. Сағат 15. Ауылдық округі әкімінің есеп беру жиналысы өтті. Бұл округте де өткен жылы ауыл әкімі нәтижелі жұмыс жасаған. Берілген тапсырмалар орындалған. Жиналыста зейнеткерлер Н.Тұрғынбеков, Ж.Өйтіншев жарыссөзге шығып, әкімнің жылдық жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Жиналыста облыстық дін баскармасының басшысы Н.Қ.Нөгербеков сөз сөйлеп, еліміз және облысымыз бойынша қалыптасып отырған діни ахуалмен жан-жақты таныстырды. Сондай-ақ, жұртшылықты жат ағымдардан сақтануға шақырды. Дәстүрлі дінімізді ата-бабаларымызға қолданудың маңызы зор екенін айтты. Өзіне қойылған сұрақтарға жауап берді.

Жиналысты аудан әкімі қорытындылады.

28.01.2015. Құмкешу. Сағат 10-да ауылдық округ әкімінің есеп беру жиналысы өтті. Округ әкімі Д.Қ.Айтбаев та өткен жылдың қорытындыларын баян етті.

Жиналыста зейнеткер Ж.Мизанов, ауыл мешітінің имамы А.Жарманов, «Жұман» шаруа қожалығының төрағасы Ж.Мырзекеев, Құмкешу орта мектебінің директоры З.Нұржановалар жарыссөзге шығып, әкімнің жұмысына лайықты баға берді. Өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдірді.

28.01.2015. Байғабыл. Сағат 13.00. Округ әкімі Д.Т.Токтаров 2014 жылдың қорытындысы бойынша баяндама жасады. Өткен жылы бұл ауылда ауыз су құбыры тартылып, пайдалануға берілді. Б.Байқадамов атындағы мәдениет үйіне жөндеу жүргізілді. Ауыл халқы төрт түлік малдың санын арттырды. Тұрғындардың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Барлық салада ілгерілеу болды.

Жиналыста селолық округ ардагерлер кеңесінің төрағасы Д.Қаласов сөз сөйлеп, ауыл әкімінің жыл ішінде атқарған жұмысына жақсы баға берді, еңбегіне табыс тіледі.

Рәсімде облыстық дін баскармасының басшысы Н.Қ.Нөгербеков сөз сөйледі.

Жиынды аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов қорытындылады.

29.01.2015. Тасты. Сағат 11.00. Ауыл әкімі Қ.Ә.Жұмабаева есеп берді.

29.01.2015. Қарынсалды. Сағат 15.00. Ауыл әкімі М.Н.Әбдіхалыков есеп берді.

Бұл екі ауылдың халқы да әкімдердің есебіне қанағаттанарлық баға берді. Екі ауылда да егін және мал шаруашылығын дамытуда қолжеткен жетістіктер сараланып, алда тұрған міндеттер нақтыланды. Жиналыста аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов пен облыстық тілдерді дамыту бөлімі бастығы Ж.Ж.Үмбетов сөз сөйледі.

30.01.2015. Қабырғада сағат 11-



де, **Үрпекте** сағат 15-те ауылдық округ әкімдері Қ.Қ.Баймағанбет, Ғ.Т.Жақыбаев жұртшылық алдында есеп берді. Бұл ауылдардағы есеп беру жиналыстары да ұйымшылдықпен өтті. Тұрғындар екі әкімнің де жұмысына жақсы деген баға берді. Әсіресе, Үрпек ауылының халқы ауыл әкімі Ғалымжан Тұрлығұлұлының жүргізген жылдық жұмысына ерекше ықылас танытты. Жарыссөзге шыққан кәсіпкер Х.Мұқышева мен тыл және еңбек ардагері Қ.Ғабдуллин әкімнің жыл ішінде халықпен қоян-қолтық жұмыс істегенін, өздерімен жиі байланыста екенін, тұрғындарды сыйлап, құрметтеп отыратынын баса айтты.

- Құрметті жерлестер! Жаңа жиналысты ашқан кіріспе сөзінде аудан әкімі Жансұлтан Қоңыртайұлы «**Біз Үрпек ауылын барлық округтерге үлгі етеміз, бұл ауылда кәсіпкерлік өте жақсы дамыған**» - деді. Әкімнің осы сөзі көңілімізді көкке көтерді. Шынында да біз ежелден өз дәстүрі бар іргелі ауылдың перзенттеріміз. Ғалымжан ініміз қай кезде болмасын, ауыл ақсақалдарымен, көпті көрген аналармен ақылдасып, кеңесіп отырады. Оның жылдық жұмысына өз басым жоғары деген баға беремін. Ол халықпен ақылдасқаннан пайда болмаса - зиян шеккен емес. Әкім болса - біздің Ғалымжандай болсын! Ауылымыздың жастары оның бастамасын қолдап, кәсіпкерлікпен айналысқандары жөн. Мен өзім жасым 70-ке таяса да кәсіпкерлікпен айналысып келемін. Еңбек етпей - табыс болмайды, қаражат құралмайды. Қаражат болмаса - тұрмыс оңалмайды. Менің істемеген кәсібім жоқ. Бізді бұлай еңбек жасауға ұстаздарымыз үйретті. Соның ішінде Зина апайымыз көп баулыды. Соның арқасы болар, біз еңбеккер болып өстік. Енді мен биыл пима басатын цех ашқым келеді. Көкөніс өсірумен тұрақты айналысқанымызға 20 жыл болды. Еңбек еткен адам ауырмайды. Жатқан адамға ауру үйір болады. Ауру атаулының барлық емі – жуа. Жуа жеген адам тұмаумен ауырмайды. Жаңа «Зекет» қорына көмектесіп, аудандық және ауылдық имамдарды қаржыландыру жөнінде аудан әкімі ұсыныс айтты. Бұл өте орынды мәселе. Өз басым «Зекет» қорына бір бұзау беремін. Имамдар қай уақытта аламын дейді, сол уақытта алыс. Ауылымызды абаттандыру, көркейту және тазалықты сақтау ісі жиырма-жыл жүйелі жүріп келеді. Бұл жұмыстарды алдағы уақытта одан да қарқынды жүргізіміз шарт. Біздер, жасы үлкен кісілер жастарға барлық жағынан үлгі болуымыз міндет. Ауылымыз Торғай өзенінің жағасында орналасқан. Қандай кәсіппен айналысуға да мүмкіндік мол, - деді Ханша Мұқышева апай.

Ал Қошан Ғабдуллин ақсақал болса:

- Біздің Үрпек ауылы - барлық уақытта ауданымыздың көшбасшы ауылы болуы керек. Бұл – көптен қалыптасқан дәстүр. Осы дәстүрден таймауымыз парыз! Ғалымжан, саған айтарымыз – ауылыңды алға бастай бер! Бәріміз сенің соңыңнан ереміз, ақыл-кеңесімізді береміз, әрдайым қолдап жүреміз! – деді.

P.S. Осылайша, ауылдық округтердегі жиналыстар биыл жақсы деңгейде өтті. Ауыл әкімдерінің есеп беру жиналыстарына 2758

адам қатынасып, онда 23 ұсыныс-пікір айтылды. Мұның ішінде 2-уі экономикалық, 21-і әлеуметтік мәселелер жөнінде. Тұрғындар несие алу, жол мен көшелерді жөндеу, ауыз су, ауылдарды жарықтандыру, бөгеттерді бөгеу, елді мекендерде тазалықты сақтау турасында ұсыныстар айтты. Жиналыстар барысында көтерілген ұсыныстарға түсініктер беріліп, шешу жолдары белгіленді.

Ауданымыздағы 11 ауылдық округтің халқы «Зекет» қорына өздерінің үлесін қосатындықтарын білдіріп, уәде қылды. Имамдар енді олардың сол уәдесіне сай берген қаражаттарын немесе малдарын қорға жинақтаулары керек. Осы бастан жұмыс жасаулары шарт.

Әр ауылдың көркейіп, өркендеуі – ең алдымен сол ауыл халқының дүниетанымы мен ұстанымына, ынтымақ-бірлігіне, еңбекқорлығына байланысты. Мемлекет ауыл халқы үшін бірнеше бағдарлама жасап, несиеге тиісті қаржылар бөліп, үлкен қамқорлық жасап отыр. Олар: «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан», «Жайылымдарды суландыру», «Жұмыспен қамту – 2020» тағы басқа да бағдарламалар. Аудан халқы осы бағдарламалардың игілігін молынан көруі жөнінде аудан әкімі Ж.Қ.Тауқенов ауылдық округтерде өткен барлық жиналыстарда баса айтты. Аталмыш бағдарламалардың маңызына кеңінен тоқталды. Бұл - мемлекетіміздің өз халқына деген қамқорлығы. Әсіресе, жастарға деген қамқорлығы. Ауыл шаруашылығын, соның ішінде мал шаруашылығын дамыту – өзекті мәселе. Оның үстіне бұл ауданымыздың басты кәсібі. Сондықтан да, аудан халқы мал шаруашылығын және егін шаруашылығын осы заманғы талаптарға сай өркендетуге ерекше маңыз беруі шарт.

Қазіргі таңда республикамызда 250-дің үстінде аудандар бар. Аманкелді ауданы - солардың бірі. XX ғасырдың 80-ші жылдары аудан мешее дамыған 70 ауданның бірі болса, қазір өсіп-өркендеу жолына түскен аудан дәрежесіне көтерілді. Өңір басшылығы өз жұртының алдына ауданымызды еліміздегі дамыған 30 ауданның қатарына қосуды қойып отыр. Өріне, бұл - оңай шаруа емес. Еліміздің ынтымақ-бірлігімен қатар, берекелі тірлігін қажет ететін аса жауапты іс. Батыр ата елі осы міндетті терең сезініп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымшылдықпен, тиянақтылықпен еңбек етсе, озық 30 ауданның бірі атануға әбден болады! Бұл – орындалатын меже! Ендеше барлық ауылдық округтер осыны сезініп, жұмыс жасаулары парыз. Бейімбет ағамыз айтқан «Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз» деген аталы сөзді ауыл халқы жақсы сезінген. Ауылдар гүлденсе - ауданның да көркейетіні анық.

Өз тілшіміз.

Суреттерде: Үрпек ауылында өткен жиналыстар көрініс. Ақсай ауылдық округінде «Құлан» бағдарламасы бойынша асыл тұқымды жылқы өсіруді қолға алған кәсіпкер Сағындық Молдашев (оңнан солға қарай) пен дихан-кәсіпкер Махмұт Хасенұлы.

Суреттерді түсірген автор.



Еңбек адамдарын құрметтейік

АУЫЛЫН АЛАҚАНЫНДА АЯЛАҒАН АЗАМАТ

Аталарымыз жақсы адамды жан - жағына жылуын, мейірімі мен шуағын шашқан күнге теңеген. Осы орайда Қарынсалды ауылында орналасқан «Намен» шаруа қожалығының төрағасы Тлеубаев Бақытжан Наменұлы туралы ауылдастарының алғыстарын, жылы лебіздері мен ыстық ықыластарын ауданымыздың басқа да азаматтарына үлгі болсын деген ниетпен, сүйікті газетімізге жазып отырмын. Қызмет барысында ауыл тұрғындарымен жиі кездесіп отырамыз. Әртүрлі жұмыстарымен келген зейнеткерлер, мектеп мұғалімдері, медицина саласының мамандары мен жекелеген тұрғындар сөз арасында Бақытжан Наменұлының көрсеткен көмектері мен жасаған жақсылықтарын үнемі айтып отырады. Атап айтатын болсақ, 2014 жылы Қарынсалды жалпы білім беретін негізгі орта мектебіне 200000 теңгеге скважина құдығын қаздырып берді, 500000 теңгеге әр сыныпқа парталар, орындықтар мен шкафтар және басқа да қажетті мебельдер сатып алып берді. Жаңа жыл мерекесін өткізуге 70000 теңге қаражат, «Қарттар күні» мерекесін өткізуге қаржылай демеушілік жасап, оның сыртында ауылдағы барлық зейнеткерлер мен мүгедек адамдарға өзінің көлігімен, 1 тонна бидайдан үйлеріне апар-



тып, түсіртіп берді. Бақытжан Наменұлы «Наурыз», «Жаңа жыл», «Қарттар күні» басқа

да мерекелерде жыл сайын демеушілікті жасап келеді. Біздің ауылымызда шабындық жер жоқтың қасы, Қарынсалды өзенінің арнасы терең болғандықтан, көктемде тасыған су өзен арнасымен ағып, Жалдама өзеніне құйған тұсынан бастап шабындықтарға жайылады. Ауыл тұрғындарының малдарына қажетті қысқы мал азығы үшін «Намен» шаруа қожалығының иелігіндегі көпжылдық екпе шөптен /житняк/ жыл сайын 120 гектар шабындық жер беріп отыр. Қазір ауылдық жерлерде жұмыс болмауы себепті, жастардың үлкен қалаларға барып, әр-түрлі жұмыстарға жегіліп, тапқан-таянғанын пәтеракыға, жол шығынына жұмсап, азын-аулақ тиын-тебен тапқанына қанағат ететін жайларын білеміз. 2014 жылы ауыл жастары «Намен» шаруа қожалығының жұмыскерлерге арнап салып жатырған жатақхана құрылысында жұмыс жасады, екі қабат түрінде салынған бұл құрылыс, ауылымыз бойынша индустриаландыру картасы жобасына кіріп отыр. Қазіргі заманғы технология бойынша салынып жатырған құрылыста, ауыл жастары құрлыс объектісінің сыртын керамогранитпен қаптап, білікті құрылыс шеберінің көмегімен, еврожөндеу құрылыс материалдарымен жұмыс жасауды меңгеріп

алды. Құрылысшылар жұмыс объектісінің қасындағы асханадан төрт мезгіл тамақтанып отырады, айлық табыстары 100000 теңгеден. Биылғы жылы осы құрылыстың ішкі жұмыстары жасалады, ауылымыздағы 10-15 жас осы құрылыста тағы да жұмыс жасайтын болып отыр. Орыс жазушысы С.Захаров деген кісі «Жаңа байыған адамда қайыр да, мейір де болмайды, қайыр мен мейірді айтасын-ау онда, жүрек те болмайды» - деп жазған екен. Жаңадан байыған кейбір адамдардың өз басынан аспайтын тірліктерін көріп, налыған кезде, барлығы неге Бақытжан Наменұлындай болмады екен, деген өкініштің болатыны жасырын емес. Жаратушы иеміз «ырыздық несібемі» әркімге ықылас-ниетіне, пейіліне қарай беремін дейді екен, ендеше пейілімізді кенге салайық ағайын деп, тілек айтқым келеді.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» - деп дана халқымыз айтқандай, Бақытжан Наменұлының атқарып отырған жұмыстарына, елге жасаған қызметіне тоқтала отырып, зор денсаулық, шаңырағына шаттық, отбасына амандық, жасап жатырған жұмыстарына береке тілеймін және жақсыдан үлгі алайық, ағайын! - демекпін.

Салтанат ЕМБЕРГЕНОВА,
Қарынсалды ауылдық округінің бас маманы,
«АА» газетінің қоғамдық тілшісі.

Суретте: «Намен» шаруа қожалығының төрағасы Бақытжан Наменұлы.

Ұстаздық еткен жалықпас

БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ ӘЛИЯ АПАЙ

Ұстаздық - қызық та машақаты көп мамандық. Баламен тіл табысып, оның бойына білім нәрін себетін басты тұлға - ұстаз. Ұстазы білімді болса ғана, шәкірттер нағыз тіршіліктің тынысын сезіне алады. Менің п а й ы м д а у ы м ш а , о с ы н д а й ұстаздың бірі бастауыш сынып мұғалімі – Мұханбетжанова Әлия Қасымбекқызы. «Егер мұғалім өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға деген сүйіспеншілікпен біріктіре алса, онда ол – шын мәніндегі мұғалім болғаны» деген сөз де осы ұстазға арналғандай. Өйткені, оның мінезі жайдары, пейілі кең, сөзі өте сыпайы, теориялық білімі терең.

Оқушыларды тәрбиелей отырып, оқыту мен дамытуды мақсат еткен ұстаздың, бүгінде еңбек жолына

38 жыл. Апайдың бір сабағы екінші сабағынан өзгеше болып келеді. Сабақтарында оқушыларды білсем, үйренсем, көрсем, жаңалық ашсам деген ұмтылысқа тәрбиелейді. Әсіресе, жұмыстың диагностика негізінде жоспарлануы көп нәтиже берді. Мұғалімнің ұстанатын басты бағыты – әр оқушының жеке тұлға ретіндегі қабілеті мен білімін зерттеп, саралау арқылы дүние танымын және оған көзқарасын дұрыс қалыптастыру. Ол оқытқан шәкірттер білім сайыстарының жүлдегерлері болып қана қоймай, мектепті алтын белгімен бітіріп, қазір еліміздің әр түпкірінде қызмет жасауда. Атап айтар болсам Тұрмағанбетова Үміт, Әбілғаев Дәурен, Оташев Алмасбек, Байдалина Жұлдызай, Жұманова Алма, Мендібаев Абай, Аманова Әйгерім,

Елеусізов Қайрат пен Марат Аружан, т.б.

Ұстаз деген осынау үлкен әріпті атауды небір сын сәттерден аласартпай алып шығатын, өнерге бергісіз мамандығын жан - тәнімен сүйіп, көңіл тұшынып, көз қуантағын Әлия Қасымбекқызымен әріптес болғаным мен үшін мәртебе. Барды бағалап, жоқтан бар жасай алатын, адаммен қарым-қатынасында да жоғары адамгершілік көрсете білетін Әлия Қасымбекқызының көптеген еңбегінің ішінен тек бірер сәтін ғана әңгімеме арқау еттім. Апайға қазақ елін шексіз сүйетін, білімді, еңбеккер шәкірттерді тәрбиелей беріңіз демекпін.

Жұмакул БУКАЕВА,
Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің мұғалімі.

Құттықтаймыз!

МҮШЕЛТОЙ 73 ЖАС!



Ардақты әкеміз, нағашымыз, атамыз **Балтабай ЖҮБАТҚАНҰЛЫН** мүшелжасы 73-ке толуымен және ауулы анамыз, әжеміз **Каншайым ӨМІРБЕКҚЫЗЫН** туған күнімен құттықтап, өмірдегі барлық жақсылық атаулыны тілейміз. Жұптары жазылмай 100 жасқа жетулеріне тілектеспіз. Әкеміз ұзақ жылдары аудандық қаржы бөлімінде маман, статистикалық басқарма және ревизиялық бақылау комитетін басқарып, аудан экономикасын дамытуға зор үлес қосты. Анамыз да бала тәрбиесінде көп еңбек сіңірді. Асқар таудай әкеміз, сізді мүшел жасыңызбен, ауулы анамыз сізді туған күніңізбен құттықтай отырып, өмірлеріңіздің қызықты да қуанышты болуын тілейміз.

Жан әке, құтты болсын мүшел жасың, 100-де де домаласын өрге тасың. Ұрпақтың қызығына бөленіңіз, Әрқашан қымбат бізге алтын басың.

Жан ана, еңбегіңіз ерен бізге, Әрқашан қарыздармыз біздер сізге. Қолтықтап әкемізді еш қартаймай, Келіңіз сау-саламат шалқып 100-ге!



Құттықтаушылар: балалары Гүлбаршын-Айдын, Раушан, Салтанат, Қайырғали, Қайыргелді, Серікболсын және жиендері Жұлдыз-Әлібай, Айдаңа - Әділет, Ботағоз, Назерке, Жаннұр, Нұрзағар, Нұртілек, Асылтас, Әміржан, немерелері Гүлжайна, Жанерке, Нұрсұлтан, Нұрайым, Нұршархат.

Құттықтаймыз!

Сүйкімді де аяулы баламыз **Қазиханова Гүлсая АБЫЛАЙҚЫЗЫН** 7 ақпан күні 7 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.

Гүлсаяның денсаулығы мықты болып, балауса балғын шағына көп қуаныш, шаттық тілеп, ойлаған арман-мұратына жетсін деген тілегімізді білдіреміз.



Туған күнің құтты болсын бүгінгі, Қуанышпен өткізгейсің әр күнді. Ғұмыр жасың ұзақ болсын, тілегім, Ешқашанда мұң шалмасын жүзіңді.

Жарқын болсын болашағың келер күн, Өмір жолың гүлге толсын кенелсін. Елің сүйер, ақылы бол, боташым, Білімді бол, өрінде бол өнердің!

Игі тілек білдірушілер: ата-анасы Абылай-Айнаш, бауырлары Жансерік, Өмірсерік, Нұрасыл, Нұрсая, Аяулым.



Жемқорлық - жегі құрт

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС — КӨПТІҢ ІСІ

Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Мемлекеттік міндеттерді атқаратын, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлтік пайда алу үшін олардың өкілеттіктерін өзгеше пайдалану, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлтік игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз беру арқылы оларды сатып алу сыбайлас жемқорлық болып есептелінеді. Халық арасында жұлын құрт, індет аталып кеткен осы дертті жою толықтай жүзеге аспағанымен, оны ауыздықтаудың, тежеудің сәті кейде түсіп, кейде шарасыздықтың бөлең алатыны да рас.

«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресейік дегім келеді.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

Осы аталған саладағы қабылданған Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден республиканың

ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, осыған байланысты құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді тиісті жауапқа тартумен қатар, демократиялық негіздерді, мемлекеттік басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімдерін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталғаны жөнінде атап өту қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңында сыбайлас жемқорлыққа келесідей ұғым берілген: Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлтік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлтік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған мезеттен бастап бұл аса ауыр қылмыстарға қатысты қатаң мемлекеттік саясат қалыптасты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында өз ұсыныстарымды назарларыңызға салсам.

Елімізде жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін арттыру үшін бізде сыбайлас жемқорлықтың ауқымы жайлы толық мәлімет болуы керек. Ол үшін бірінші кезекте бұл қылмыстардың қатары нақты анықталуы тиіс.

1) жеке сектор ұйымында оның жұмысына басшылық ететін немесе кез келген салада осындай ұйымда жұмыс істейтін кез-келген адамға өзі немесе делдалдар арқылы қандай да бір заңсыз басымдылыққа уәде беру, оны ұсыну немесе беру;

2) жеке сектор ұйымында басшылық ететін немесе кез-келген салада осындай ұйымда жұмыс істейтін адам, өзі немесе басқа адам үшін, өзінің міндеттерін бұза отырып, қандайда бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауы мақсатында тікелей өзі немесе делдалдар арқылы қандайда бір заңсыз басымдылықты қорқытып алу немесе қабылдау.

Қысқаша айтқанда, бұл нормаларда жеке сектор ұйымдарында пара беру және пара алу қылмыстары көзделген.

Әрине, бұл қылмыстармен күресте қылмыстық-құқықтық шаралардың маңызы ерекше. Сөйтсе де, оларды болдырмауда, ал орын алған жағдайда, жасаған адамдарды жазалауда тәртіптік, әкімшілік және азаматтық жауаптылық шараларында кеңінен қолданған жөн.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады, сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездойсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігі артып келеді.

М.СЕЙТКАМАЛОВ,
Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату жөнінен аукцион өткізеді.

Сауда 2015 жылы 24 ақпанда сағат 10.00 де мемлекеттік мүлік тізімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өткізіледі.

Аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 (бұдан әрі-Ережелер) қаулысымен бекітілген жекешелендіру нысандарын сату Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

АУКЦИОН Ағылшын әдісі

«Амангелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ (Амангелді ауданы, Байғабыл селосы, Байкадамов көшесі 9)

1. Бұрынғы балабақша ғимараты, салынған жылы анықталмаған, жағдайы жартылай бұзылған, Бастапқы бағасы – 423095 теңге. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна 63464 теңге.

Назар аударыңыз! Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуына қатысушының хабарландыруда көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауданың өткізілеті туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сатушының шотына аукционның басталуына жетпіс екі сағат қалғанға дейін түспеуі негіз болып табылады.

Аукциоға қатысу үшін тізілім веб-порталында мыналарды көрсете отырып алдын ала тіркелу қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі БСН), толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктің есеп шотының деректемелері;

4) байланыс мәліметтері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландыру орталығы берген ЭСҚ қолданыс мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталында енгізілген мәліметтерді өзгертеді.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭСҚ қойылған аукционға қатысу туралы өтінімді нысан бойынша тіркеу қажет.

Аукционға қатысушылар аукционның басталуына бір сағат қалғанда ЭСҚ мен аукциондық нөмірді пайдаланып, аукцион залына кіреді. Аукцион сауданың өткізілуі туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласы уақытында аукцион залында жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын автоматты түрде орналастыру жолымен басталады.

Аукционды сауданың ағылшын әдісімен өткізу Ережелері

1) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың бірде біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірмесе, онда осы жекешелендіру нысаны бойынша аук-

цион өтпеді деп танылады;

2) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірсе, онда бастапқы баға белгіленген кадамға өсіріледі.

3) Егер ағымдағы баға өсірілгеннен кейін жиырма минуттың ішінде қатысушылардың бірде біреуі жекешелендіру нысанын ағымдағы бағаны өсіру жолымен сатып алуға тілек білдірмесе, онда жекешелендіру нысанын сатып алуға өз тілегін соңғы болып растаған қатысушы жеңімпаз болап табылады, ал осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өтті деп танылады.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағылшын әдісімен өтетін аукцион қатысушылардың біреуі ұсынған ең жоғарғы бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағылшын әдісімен өтетін аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы бағаны өсірудің кемінде екі кадамына өссе, оның үстіне бастапқы бағаны екі кадамға өсірудің кемінде екі қатысушы жүзеге асырса ғана өтті деп танылады.

Аукцион қортындылары туралы хаттама аукцион қортындыларын және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша жекешелендіру нысанын сату- сатып алу келісім- шартына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сату- сатып алу келісім- шартына аукцион өткізілген күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде мына мекен- жайда қол қойылады: Амангелді ауданы, Амангелді селосы, Майлин көшесі 14, 2 қаб, Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ.

Сонымен қатар аукцион жеңімпазы сатушыға сату- сатып алу келісім- шартына қол қоярда түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсына отырып келесі құжаттардың көшірмелерін не болмаса келесі құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады:

1. Жеке тұлғалар үшін: төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесін;

Занды тұлғалар үшін: занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама;

2. Занды тұлға өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың, сондай- ақ төлқұжат пен занды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың түпнұсқасы салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағатының ішінде қайтарылады. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна жекешелендіру нысанының алғашқы (бастапқы) бағасының 15%- ын құрайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна «Амангелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ, Астана қ., ҚР ҚМ қазнашылық комитетіндегі № KZ 650705034520508006 шотына, БИК KCMFKZ22A, БИН 000340003212, КБе 12, КНП 171, мекеме коды 12, енгізіледі.

Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және аукционның басталуына жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8 (71440) 21-5-65, 21-3-48 және сайт бойынша: amanqeldy-finans@mail.ru.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

КТУ «Отдел финансов акимата Амангелдинского района» проводит аукцион по продаже объектов районной коммунальной собственности

Торги состоятся 24 февраля 2015 года, в 10 часов, на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов районной коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 (далее - Правила).

АУКЦИОН Английский метод

КТУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Амангелдинского района» (Амангелдинский район, село Байгабул, улица Байкадамова 9)

1. Здание бывшего детского сада, год постройки не установлен, состояние полуразрушенное. Стартовая цена – 423095 тенге. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет - 63464 тенге.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в объявлении, а также непоступление за семьдесят два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на счет продавца.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

1) Для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее- ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);

2) Для юридических лиц: бизнес- идентификационного номера (далее- БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;

3) Реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;

4) Контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail)

5) Срока действия ЭЦП, выданной национальным удостоверяющим центром.

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб- портал реестра. Для регистрации в качестве участника аукциона не обходимо на веб- портале реестра зарегистрировать заявку на участие в аукционе по форме, подписанную ЭЦП участника. Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Астаны путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Правила проведения аукциона по английскому методу торгов:

1) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то аукцион по данному объекту приватизации признается несостоявшимся;

2) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стар-

товой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то стартовая цена увеличивается на установленный шаг;

3) Если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, а аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов идет до максимально предложенной цены одним из участников. Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов считается состоявшимся только в том случае, если стартовая цена объекта приватизации повысилась не менее чем на два шага увеличения цены, при этом повышение стартовой цены на два шага осуществляют не менее двух участников.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются электронным протоколом результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем и использованием ЭЦП в течение двадцати четырех часов после завершения аукциона.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли- продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона по адресу: Амангелдинский район, с.Амангелды, ул. Майлина 14, 2 этаж, КТУ «Отдел финансов акимата Амангелдинского района».

При этом победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли- продажи копии следующих документов с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

1) Для физических лиц: паспорт или документа, удостоверяющего личность физического лица, для юридических лиц: свидетельства либо справка о государственной регистрации (перерегистрации) юридических лица;

2) Документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица; Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет 15% от начальной (стартовой) цены объекта приватизации. Гарантийный взнос для участия в торгах вносится на счет КТУ «Отдел финансов акимата Амангелдинского района», № KZ 650705034520508006 в Комитете казначейства МФ РК г.Астана, БИК KCMFKZ22A, БИН 000340003212, КБЕ 12, КНП 171, код учреждения 12.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала аукциона. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 (71440)21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

Еске алу

Ардақты бөлеміз, сүйікті жиеніміз, бауырымыз **Елдар Көбекұлы АҒАТАНОВ** тірі болғанда, 2015 жылдың 5 ақпанында 30 жасқа толатын еді. Мандайы жарқырап, қатарластарынан дараланып, ел көзіне ерекше ерте түсіп, «Жігіт сұлтаны» атанған Елдар өмір сүруге құштар еді. Ақжарқын мінезімен пенде біткенге қол ұшын беріп, жақсылық жасауға асығушы еді. Қайда жүрсе де ұстамды мінезімен, ақкөңілділігімен жұртқа сыйлы, сүйкімді еді.

Өкініш өзекті өртейді, өмір сүруі керек еді, еліне қызмет етуі керек еді... Өттең, қыршын жастын ерте үзілген ғұмыры - орны толмас қайғы болып қалды. Жанымызға бататыны да осы ғой...

Енді артында қалған ата-анасына, бауырларына ұзақ өмір тілеп, Елдардың орындалмаған арман-талабына солар жетсін, таңдаған мамандығын інілері жалғастырып, еліне адал қызмет етсін деп тілейміз.

Көре алмай тіршіліктің көп қызығын, Тата алмай шаттық өмір тәттілігін. Жарқырап келе жатқан жұлдыз едің, Өткен-ай! Ерте сөнді-ау от - ғұмырын.

Тусақ та сенен кейін ізің басып, Жасыңнан өмір сүрген кеттік асып. Бір Алла өзі жар боп жарылқасын, Иманың мәңгілікке тұрсын тасып.

Сағынышпен еске алушылар: бөлелері Бауыржан, Арман, Қанат, Абзал, Қайрат, Асылан, нағашылары Нұрлан, Ерлан, Дархан, Ерхан.



2015 жылдың I тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» КММ жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

График приема физических и представителей юридических лиц в КТУ «Отдел ветеринарии акимата Амангелдинского района» на I квартал 2015 года

Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның тегі, аты-жөні Ф.И.О. лица ведущего прием	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы Должность	Қабылдау күні, уақыты День и время приема
Сакетов Дауылбай Салимжанович	Бөлім басшысы Руководитель отдела	Сейсенбі, бейсенбі: 10.00 - 12.00 Вторник, четверг С 10.00-12.00

«Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» КММ сенім телефоны: 22-0-50
Телефон доверия в КТУ «Отдел ветеринарии акимата Амангелдинского района»: 22-0-50.

НОТАРИУС: 05.08.2014 жылы қайтыс болған аз.Нурмуханов Сабырдың мұрасы бойынша мұралық іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай нотариаттық аймағының нотариусы Исмагулова Акмарал Бахытжановнаға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«СӨЛЕМ» сактандыру компаниясының Амангелді, Жангелдин аудандары бойынша өкілі Танатбаев Айбек Мырзағалиұлы. Жеке және заңды тұлғалардың автокөліктерінің кез-келген түрлерін сактандырады. Ресей Федерациясы көліктерін уақытша мерзімге тіркеуді де жүргізеді.

Мекен-жайы: Амангелді селосы, Дүйсенбин көшесі 31/16. «Болашақ» сауда дүкенінің ішінде орналасқан. Тел: 87011159535, 87052673444, 21641.



Осылайша, ауданымызда Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған шара аудан өнер шеберлері мен оқушыларының тамаша концертіне ұласты. Онда сахна шеберлері мен балғын өнерпаздар он сан ұлттың әндерін шырып, билерін билеп, сахнаны сәнге бөлеп, құлпыртып жіберді. Олардың әсем әндері мен билері көңілге керемет қуаныш сыйлады. Әр ұлттың киімін киіп, әнін айтып, биін билеу қандай ғажап?! Тек қана қазақ халқының ғана емес, ауданымызда тұратын көп ұлттың өнерін тамашалау – байтақ даламызды алуан түрлі



2
Жаршылар сахнаға қайтадан аудан әкімі Жансұлтан Қоңыртауұлын тағы да құрметпен шақырды. Ол бұл жолы аудандық мәслихаттың хатшысы және Аманкелді ауданы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Әділ Қабдырашұлы Саматовты 60 жасқа толған торқалы тойымен құттықтап, оған зор денсаулық, бақытты ұзақ өмір және алдағы уақытта да ауданымызды өркендетуге өзінің лайықты үлесін молынан қоса беруіне тілектестігін білдірді. Аудан активі атынан Құттықтау хат және арнайы сыйлық тапсырды. Өз кезегінде Әділ Қабдырашұлы жұртшылықты «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылуымен құттықтады және осындай бүкілхалықтық ұлы той үстінде өзінің 60 жасқа толуына орай



түсімен жайнатып жіберген гүлдерді көргендей әсер берді. Ассамблея жылының ашылуын тамашалауға келген барша қауым бұл концертті зор ықыласпен тыңдады.

Ән мен күй және би – қай ұлттың болмасын болмысын паш етеді. Соларға қарап, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін қолмен

ұстағандай, көзбен көргендей сезінесің. Мәдениет үйінің сахнасында халқымыздың әуелеген асыл әндерімен қатар, орыс пен украиннің, өзбектің әндері әуелесе, сыған халқының ғажапты билері көрерменнің көзайымы болды. Басқа да ұлттардың билері мен әндері оны көрген көпшілікке зор

қуаныш пен рахат сезімін сыйлады.

Мерекені тамашалауға келген қауым концертті бір деммен тыңдады. Концерттің соңы Ескендір Хасанғалиевтің әйгілі «Атамекен» әнімен аяқталды. Өнер шеберлері бұл әнді шырықпағанда барша көрермен орнынан тұрып, қол соғып,

көшмет көрсетті. Соғылған шапалақ мәдениет үйінің ішін шаттыққа бөлегендей. көрсетілген құрмет үшін аудан әкіміне және аудан активіне жүрекжарды алғысын білдірді.

Өз тілішіміз.

Суреттерде: ауданымызда Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының салтанатты ашылу рәсімінен көріністер: аудан әкімі Жансұлтан Қоңыртауұлы аудандық мәслихат хатшысы, Аманкелді ауданы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Әділ Қабдырашұлы 60 жасқа толуымен құттықтап, сый-сияпат тапсырып тұрған сәті; ынтымағы жарасқан көп ұлттың балалары; Данил Красиков Ассамблеяның 20 жылдығына арнап ұйымдастырылған көрмені тамашалап тұр.

Жаңа кітап

ТОРҒАЙ АҚЫНДАРЫ АНТОЛОГИЯСЫ



Қазақтың қазіргі бас айтыскер ақындарының бірі, жерлесіміз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айбек Қалиевтің Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты М.Дулатов атындағы әдеби-мәдени бірлестігі ғылыми мектебі 2014 жылдан бастап Торғай ақындарының антологиясын шығаруды қолға алды. Бұл – аса маңызды іс болып отыр. Жыл аяғында А.Қалиевтің жалпы редакциясымен, жерлесіміз Батырлан Сағынтаевтың құрастыруымен және жауапты шығарушылығымен аталмыш антологияның 1-інші томы жарық көріп отыр. Бұл томға 14 ақынның өлең-жырлары енгізілген. Кітаптың алғы сөзін Айбек Қалиев жазған.

Алдағы жылдарда антологияның 2-ші, 3-ші томдары шығарылмақ.

Торғай аймағының рухани өмірінде жаңашыл іс бастаған Айбек, Батырлан бауырларымыздың істеріне сәттілік тілейміз.

С.СЫҒАЙ



Жақында Қостанай қаласындағы «Шапақ» ЖШС баспасынан көп жылдар құқық қорғау саласында еңбек етіп абыроймен зейнет демалысына шыққан милиция

ӨЛЕҢДЕРІ ОЙ ӨРБИТЕДІ

полковнигі, жерлес ағамыз Ускин Қуаныш Әлжанұлының «Көңіл толқындары» атты өлеңдер жинағы жеке кітап болып шығарылды.

Ағамыздың бойында бұрыннан ақындық таланты болғанымен қат-қабат қызмет пен күйбең тірліктері кезінде бұл қабілетіне толық мүмкіндік бермеген сыңайлы. Өйткені кітабының бірінші бетінен-ақ өлеңдерін оқи жөнелсең, біраз жылдан бері бойына жиналып, толып, толысып пісіп тұрған жыр тасқындарының құлды бір буырқанған от жалындай шапшығанын сезінесің. Әп, дегеннен – «Мен бұл өлеңдерімді өзімді әйгілеу

үшін жазғаным жоқ» деп бастауының өзі ағаның аса кішіпейілдігін аңғартса керек. Жоғарыда айтып өткенімдей өлеңдерінің дені бергіңде жазылған, өскен ортаға, туған жерге деген сағынышынан, ағайын-туыс, құда-жекжат арасындағы сыйластық ғұмырларынан туындаған өлеңдерін тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Әсіресе қоғамның жанын жегідей жеп келе жатқан, сыбайлас жемқорлыққа деген жек көріністі көзқарасын өлең жолдарының өткір уытымен осып өтеді.

С.САЙДИЛЬДИН.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 216

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2- қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.